

«БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметі стандарты

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер толықтырулар енгізілді	Бекітілген күн	Хаттама №	Тіркеу №
1	Басқарма хаттамасы	«__»_____ 20__ж.	№__	№__
2	Басқарма хаттамасы	«__»_____ 20__ж.	№__	№__
3	Басқарма хаттамасы	«__»_____ 20__ж.	№__	№__
4	Басқарма хаттамасы	«__»_____ 20__ж.	№__	№__

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 202__ ж. «__»_____ №__ хаттамасымен күші жойылды деп танылды.

1. Жалпы ережелер

1. «БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметі стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасының Өлеуметтік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), өзге де нормативтік құқықтық актілерге және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – БЖЗҚ) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Стандарт БЖЗҚ интернет-ресурсындағы жеке кабинет арқылы өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған мынадай электрондық өтініштерді:

1) Кодекстің 220-бабы 1-тармағының 2) тармақшасымен, 221-бабы 1-тармағының 2) тармақшасымен, 223-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен көзделген жағдайлар орын алған кезде зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш;

2) зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш және (немесе) зейнетақы төлемдерінің тәртібі мен талаптары туралы қосымша келісім (болған кезде) деректемелерін өзгертуге өтініш;

3) тек мүгедектігі бар адамдарға қатысты табысты түзету немесе салықтық шегерім қолдануға өтініш беру тәртібін реттейді.

Өтініш беруші осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген өтінішті олар БЖЗҚ интернет-ресурсында техникалық іске асырылған соң бере алады.

3. Стандартта қолданылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) БЖЗҚ АЖ – міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалар (зейнетақы төлемдерін алушылар), жеке зейнетақы шоттар, шартты зейнетақы шоттар және міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерінің алушылары) жеке зейнетақы шоттары бойынша, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттары бойынша жүргізілетін операциялар туралы ақпарат қамтылатын, ақпараттың сенімділігін, сақталуын және рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғалуын қамтамасыз ететін зейнетақы жинақтарын дербестендірілген есепке алу бойынша БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйесі;

2) аутентификация – өтініш берушінің шынайылығын тексеру тәсілі;

3) БЖЗҚ – зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері бойынша қызметті, сондай-ақ Кодекспен айқындалған басқа қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) ЕДБ – Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым («Қазпошта» АҚ);

5) БЖЗҚ интернет-ресурсы – www.enpf.kz БЖЗҚ корпоративтік сайты, БЖЗҚ ұялы қосымшасы;

6) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) – Қазақстан Республикасында жеке тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіруді енгізу және олар туралы өзекті және дұрыс мәліметтерді мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олардың өкілеттілігінің аясында және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсыну мақсатында ақпаратты автоматты түрде жинауға, сақтауға және өңдеуге, Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін құруға арналған ақпараттық жүйе;

7) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) – жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түріндегі қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

8) Өтініш – БЖЗҚ ішкі нормативтік құжатымен бекітілген нысанда жасалған зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы электрондық өтініш не зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш және (немесе) зейнетақы төлемдерінің тәртібі мен талаптары туралы қосымша

келісім (болған кезде) деректемелерін өзгертуге электрондық өтініш не табысты түзету немесе салықтық шегерім қолдануға электрондық өтініш;

9) БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы Өтініштерді өңдеу үдерісіне жұмылдырылған БЖЗҚ бөлімшелері – Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаменті, Цифрландыру департаменті;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландыру орталығы (бұдан әрі – ҚР ҰКО) – мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде электрондық құжаттар жасау үшін жеке және заңды тұлғаларға электрондық цифрлық қолтаңба құралдары мен тіркеу куәліктерін беретін куәландыру орталығы;

11) өтініш беруші – атына жеке зейнетақы шоты ашылған жеке тұлға;

12) тіркеу куәлігі – электрондық цифрлық қолтаңбаның «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін куәландыру орталығы беретін электрондық құжат;

13) Қызмет – «БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметі;

14) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – ЭЦҚ құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

Өтініш берушінің құжаттарға ЭЦҚ арқылы қол қоюы ЭЦҚ пайдаланудың қолданыстағы функционалында көзделген, оның ішінде QR арқылы қол қою қамтылатын тәсілдермен жүзеге асырылады.

15) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және ЭЦҚ арқылы куәландырылған құжат.

4. Өтініш қабылдау және Өтінішті қабылдау нәтижесін беру БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте БЖЗҚ-ның АЖ-да тіркелген Өтінішті әрі қарай қарау, өңдеу, бақылау және орындау тәртібі БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерін ұйымдастыру тәртібін реттейтін БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжатына сәйкес айқындалады.

2. Қызмет алу тәртібі

5. Қызмет көрсету және көрсетілген қызмет нәтижесін беру нысаны – электрондық (автоматтандырылған).

6. Техникалық жұмыстардың жүргізілуіне байланысты БЖЗҚ интернет-ресурсының және (немесе) ЖТ МДҚ сервисінің жұмысындағы үзілістерді қоспағанда, өтініш берушіге Қызмет тәулік бойы қолжетімді.

7. Көрсетілетін қызмет үдерісіне қойылатын талаптар:

1) конфиденциалдылық (ақпаратты рұқсатсыз алудан қорғау);

2) тұтастық (ақпаратты рұқсатсыз өзгертуден қорғау);

3) қолжетімділік (ақпаратты және ресурстарды рұқсатсыз ұстаудан қорғау).

8. Өтінішті ресімдеу үшін:

1) өтініш берушінің өзекті ЭЦҚ кілттерінің болуы (Өтініш ресімдеген сәтте ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталмаған болуы, сондай-ақ тіркеу куәлігі қайтарып алғандар тізімінде болмауы және онда ҚР ҰКО номенклатурасына сай оның қолданылу саясатын растайтын объективті сәйкестендіргіш болуы);

2) дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім;

3) жеке зейнетақы шот(-тар)ында міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарының болуы;

4) осы Стандарттың 2-тармағының 1) тармақшасымен көзделген Өтінішті берген кезде БЖЗҚ-ның АЖ-да зейнетақы төлемдерін тағайындау және/немесе сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарын аудару туралы қолданыстағы өтініштің болмауы;

5) осы Стандарттың 2-тармағының 1) тармақшасымен көзделген Өтінішті берген кезде міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемінің ағымдағы жылда жүзеге асырылған жылдық сомасының, ЕДБ-ден қайтарылған төлемнің (осы Стандарттың 2-тармағының 2) тармақшасымен көзделген орындалған Өтініш болмаған кезде) болмауы;

6) Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат жарамдылығы мен өзектілігі туралы ЖТ МДҚ растауы;

7) ЖТ МДҚ-да өтініш берушінің еңбекке жарамсыздығы (еңбек қабілетін шектеу) туралы мәлімет болмауы;

8) ЭЦҚ сертификатындағы өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН деректері ЖТ МДҚ-дағы деректерге сәйкес болуы;

9) ЖТ МДҚ-дағы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН деректері БЖЗҚ-ның АЖ-дағы деректерге сәйкес болуы;

10) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ЕДБ-де ашылған өтініш берушінің банк шотының болуы;

11) өтініш беруші Кодекстің 220-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 221-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 223-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адам болса, сондай-ақ осы Стандарттың 2-тармағының 3) тармақшасымен көзделген Өтінішті берген кезде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен өтініш берушіде белгіленген мүгедектіктің бар екенін растайтын мәлімет болуы керек.

9. Өтініш берушінің аутентификациясы ЭЦҚ пайдаланудың қолданыстағы функционалында көзделген тәсілмен жүзеге асырылады.

10. Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат деректемелерінің өзектілігін растайтын мәліметтер (құжат түрі, нөмірі, берілген күні және берген орган, қолданылу мерзімі), оның ішінде өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат жарамдылығы туралы мәлімет ЖТ МДҚ-дан веб-сервис арқылы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі. Бұл ретте өтініш берушіден ЖТ МДҚ-дан және басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алуға болатын мәліметтерді талап етудің қажеті жоқ.

11. Өтініш берушіде белгіленген мүгедектіктің бар екенін растайтын мәлімет БЖЗҚ-ға мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен беріледі.

12. Өтініш берушінің өзекті деректері БЖЗҚ интернет-ресурсында ЭЦҚ арқылы аутентификациядан және тиісті тексерулерден кейін автоматты түрде ЖТ МДҚ-дан Өтініш деректемелеріне жүктеледі.

13. Өтініш нысандарының деректемелерін толтыру тәртібі мен қойылатын талаптар БЖЗҚ әзірлеп, БЖЗҚ интернет-ресурсында орналастырылған Пайдаланушының жадынамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Өтініш беруші Өтінішке қол қою үшін оның ЭЦҚ-сы қолданылады.

15. Өтініш берушінің ЭЦҚ кілтінің көмегі арқылы қол қойылған Өтініш БЖЗҚ АЖ-ға әрі қарай өңдеу үшін беріледі.

16. Өтінішті:

1) Өтініш берушінің ЭЦҚ өзекті болмаған (ЭЦҚ қолданылатын мерзім аяқталған/қажетті қолдану саясаты болмаған/сертификат қайтарып алынған);

2) осы Стандарттың 2-және 8-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес болмаған жағдайларда БЖЗҚ АЖ-да тіркеу мүмкін емес.

17. Өтініш қабылдау нәтижесі – БЖЗҚ АЖ-да Өтінішті тіркеу.

3. Қорытынды ережелер

18. Стандарт – БЖЗҚ-ның туынды ішкі нормативтік құжаты.

19. Стандарт Қазақстан Республикасының заңнамасындағы және БЖЗҚ қызметіндегі өзгерістер ескеріліп және жаңашылдық сипаттағы басқа да себептермен немесе басшылық тапсырмасымен қайта қаралады.

20. Стандартты өзектендіру БЖЗҚ ішкі нормативтік құжаттарымен көзделген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

21. Стандартта көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, БЖЗҚ ішкі нормативтік құжаттарына және БЖЗҚ уәкілетті органының шешімдеріне сәйкес шешіледі (бұл ретте Қазақстан Республикасы заңнамасының күші басым болады).

22. Стандарттың өзекті мазмұнына Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаменті жауапты.

23. Стандарт талаптары мен рәсімдерін БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы арқылы Өтініш беру үдерісіне жұмылдырылған БЖЗҚ бөлімшелерінің жауапты қызметкерлерінің барлығы орындауға міндетті. Стандарт нормалары мен рәсімдерін сақтамағаны үшін жауапкершілік осы бөлімшелердің қызметкерлері мен басшыларына жүктеледі.

Басқарма Төрағасы

Ж. Курманов